

6 сынып тапсырмасы


Тапсырманы орындау уақыты – 3 сағат

Дұрыс орындалған әр есепке 7 балл беріледі

1. Екі жаяу адам таңсәріде жолға шығады. Әрбіреуі тұрақты жылдамдықпен жүрді. Біреуі А-дан В-ға, екіншісі В-дан А-ға жүрді. Олар талтүсте (яғни тура сағат 12-де) кездесті, қозғалыстарын тоқтатпай біреуі В-ға кешкі сағат 4-те, екіншісі А-ға кешкі сағат 9-да келді. Сол күні сағат нешеде таң атты?
2. Үстелде 100 тиын жатыр, олардың 10-ы елтаңбасымен жоғары, қалғаны елтаңбасымен төмен. Сіз қай тиындар елтаңбасымен жоғары жатқанын білмейсіз. Көзіңіз байлаулы күйде сіз тиындарды екі топқа бөлуіңіз қажет (топтарда тиындар саны әр түрлі болуы мүмкін). Әр топта елтаңбасы жоғары қаратылған тиындар саны бірдей болуы шарт. Сонымен қатар, сізге тиындардың кез келген санын аударуға рұқсат берілген. Мұны қалай жасаса болады? Жауабын түсіндіріңіз.
3. Дөңгелек үстел алдында 6 ергежейлі отыр. Тура 2 ергежейлі әрқашан шындықты айтатыны, сонымен қоса, екеуі қатар отырғаны белгілі. Бұдан бөлек, тура 2 ергежейлі әрқашан өтірікті айтатыны және олар қатар отырғаны анық. Қалған 2 ергежейлі өтірікті де, шындықты да айтуы мүмкін, және олар бөлек отыр. Қазына іздеуші үстелді айнала жүріп ергежейлілерден қазынаны қайда жасырғандарын сұрады.
 - Бірінші ергежейлі үңгірде деді.
 - Екіншісі — көл түбінде.
 - Үшінші ергежейлі қамалда деп айтты.
 - Төртіншісі — ертегі орманында деді.
 - Бесіншісі көл түбінде деп айтты.

Ергежейлілер алтында қайда жасырды? Жауапты дәлелдеу керек.

4. Суреттегі алты бұрышты 4 бірдей фигураға бөліңіз. Тор сызықтарының бойымен ғана кесу рұқсат.



5. 1-ден 2019-ға дейінгі сандар тақтада тізіліп жазылған. Кездейсоқ таңдалған екі сан өшіріліп, мұның орнына олардың айырымы жазылады, осылайша, қатардағы сандар біреуге кемиді. Процесс қатарда бір ғана сан қалғанша қайталана береді. Қалған сан тақ па, жұп па? Жауапты түсіндіріңіз.
6. Үйдегі барлық қабаттарда, барлық подъездерде пәтерлердің саны бірдей (бірден көп). Сондай-ақ, барлық подъездерде қабат саны бірдей. Бұл ретте, қабаттар саны қабаттағы пәтерлер санынан көп, бірақ подъездер санынан кем. Үйде 715 пәтер бар болса, қабаттар саны қанша?